



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi_kz



t.me/syrboyi_kz

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ПӘРМЕНДІ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ ТИІС

Кеше ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен мәжілісте Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларының орындалуы талқыланды.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, мән-жайды нақтылап, тиісті тапсырмалар берді.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Аймақ басшысы бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттырудың маңыздылығын атап өтіп, қажетті шаралар қабылдауды міндеттеді.

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында ағымдағы экономикалық ахуалға қатысты бірқатар мәселелерге тоқталды. Атап айтқанда, бюджеттік саясатты жетілдіру, инвестиция тартымдылығын арттыру, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының дамуы, су ресурстарын тиімді пайдалану, коммуналдық кешенді және көлік логистикасын нығайту экономиканы цифрландыру. Осыларға толығырақ тоқталсақ. Бірінші, бюджет және салық саясатының тиімділігін арттыру – біздің аймақ үшін өзекті мәселе. Қазір жана Салық кодексінің жобасы әзірленуде. Жергілікті бюджеттердің мүддесін ескере отырып, тиісті ұсыныстар енгізілуі тиіс. Президент айтқандай, салық және бюджет саласына түбегейлі реформа қажет. Соның арқасында мемлекет пен бизнес арасында жана қоғамдық шарт жасалмақ. Осылайша ұлттық табысты әділ бөлудің парасатты жолы калыптасады, – деді облыс әкімі.

2-бет

ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ҮКІМЕТ ІРІ КӘСІПОРЫНДАРМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗБЕК

Премьер-министр Олжас Бектенов Салық кодексінің жобасын қайта жазып, философиясын өзгерту қажет деп есептейді. 7 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтылған тапсырмаларды іске асыру мәселелері жөніндегі кеңесте ол сарапшылар мен бизнес қоғамдастықтардың пікірін ескеру қажет екенін айтты.

Сондай-ақ Үкімет басшысы өнеркәсіптің дамуына жана серпін беруді көздейтін бірқатар нақты міндеттерді белгілеп, бірінші вице-премьер Роман Склярға 10 күн ішінде барлық ірі өнеркәсіп кәсіпорны иелерімен, бірінші кезекте өндіруші салалардағы кәсіпорындармен келіссөздер жүргізуді тапсырды.

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ ЖАҒАША ЕСЕПТЕЛУІ МҮМКІН

Қазақстанда ең төменгі жалақы жана әдістелімен есептелуі мүмкін. ҚР Кәсіподақтар федерациясы мәліметінше, егер жұмыс берушілер жалақыны 7-10%-ға көтереміз десе, бұл – шын мәнінде индекстеу. Ол – айлықты көтеру деген сөз емес. Кәсіподақтар федерациясы индекстеуді заңнамалық тұрғыдан реттеуді талап етеді. Бұл – әлемдік тәжірибе.

Елімізде ең төменгі жалақы ұзақ уақыт бойы 24 мың теңге, 2020 жылдан бастап 42 мың теңге, содан кейін 60 мың теңге болды. Ең төменгі жалақыны есептеу әдістемесі болған жоқ. Халықаралық еңбек ұйымы мақұлдаған индекс бар. Мысалы, Үкімет Қазақстанда орташа жалақы 300 мың теңге деп мәлімдесе, онда ең төменгі жалақы осы соманың 50%-ы болуы тиіс.

TECH GIRLS БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жаңа бағдарлама қыз-келіншектердің цифрлық білімін арттыруға арналған. ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мәліметінше, бағдарлама ұлттық комиссияның, Astana Hub халықаралық технопаркі және Techno Women қауымдастығының бастамасымен жүзеге асып жатыр.

Бағдарламаның мақсаты – қыздардың цифрлық білімін арттыру, кодсыз және төмен кодты бағдарламалау негіздерін үйрету және қыздарды STEM-ге тартуға ықпал ету. Сондай-ақ бағдарлама аясында қыздар мансапты жоспарлау, құру, сұхбаттан өту және өздері армандаған жұмысқа тұру туралы білім алады. Бұл онлайн режимде өтетін тегін бағдарлама және 16 мен 25 жас аралығындағы қыздарға арналған.

«СБ» ақпарат

САРАП



Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Қала тұрғыны Асылхан Қойшыбеков 37 жыл машинист болып жұмыс істеген. Қызылорда локомотив депосында тепловоз жүргізіп, 57 жасында зейнетке шыққан. Жыл басынан бері тағайындалған әлеуметтік көмекке ілінгеніне қуанышты.

Теміржол саласы жауапкершілікті талап етеді. Мамандығыма адал болып, жастық шағымды арнадым. Жұмыс барысында түрлі қиындықтар болды. Күн-түн демей, уақытпен санаспай тер төктім. Биылдан бастап зейнетақымызға 90 мың теңгенің үстінде арнаулы әлеуметтік төлем қосылмақ. Бұл 63 жасқа толғанша төленеді екен. Дәрі-дәрмегімізді алуға жақсы көмек, – дейді ол.

Иә, денсаулығына тигізетін зияны барын біле тұра, бала-шағаның қамымен қауіпті мамандықта жұмыс істеп жүрген қаншама адам бар. Өмірін қатерге тігетін кеншілер,

ЗИЯНДЫ ЖҮМЫС ІСТЕГЕНДЕР ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДІ ҚАДАЙ АЛАДЫ?

өрт сөндірушілер, құтқарушылардың қызметі расымен ерлікпен тең.

Биылдан бастап ауыр, зиянды жұмыста істейтін азаматтар арнайы әлеуметтік төлем ала бастайды. Оның көлемі орташа есеппен 208 мың теңге шамасында болады. Төлемге қол жеткізу үшін жұмысшы 55 жасқа толған, кемінде 7 жыл міндетті зейнетақы жарнасы болуы шарт. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қазір елде осы санаттағы 685 мың азамат барын айтады. Мысалы, бір ғана «АрселорМиттал» компаниясында 3400-ге жуық адам арнайы төлеммен зейнетке шыға алады. Сондай-ақ министр экономиканың әр саласында істейтін 2225 мамандық иесінің жұмыс орны зиянды екенін айтты. Зейнетке ерте шығатындар қатарына шахтерлер, металлургия, рентгенологтар және зиянды еңбек жағдайында қызмет етіп жүрген басқа да мамандар бар.

Осы ретте біз Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің облыс бойынша департамент басшысының орынбасары Төреәхмет Жолымбетовпен хабарласқан едік. Оның айтуынша, кодекстің 195-1-бабы 2-тармағына сәйкес, зиянды жұмыс істеп 55 жасан кейін зейнеткерлікке шыққан және БЖЗҚ-да кемінде сексен төрт ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген 34 азамат өтініш берген.

3-бет

ТОСЫН ТАБИҒАТ

ЖОЛАУШЫЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Ақтөбе облысының аумағындағы қатты боранға байланысты 7 ақпаннан бері республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент» автомобиль жолы жабылды. Ақтөбе облысының шекарасынан Арал қаласына дейін барлық көлік қозғалысына шектеу қойылды. Осыған орай Арал қаласынан 20 шақырым қашықтықта жол патрульдік полицияның 12 инспекторы 6 автокөлікпен жол бойында жұмыс жасауда.

Бүгінде Ақтөбе облысына бағыт алған 584 жүк көлігі, 13 жолаушылар көлігі, 210 жеңіл көлік және 1000-ға жуық жолаушы тоқтатылды. Аудан әкімдігі жанынан арнайы штаб құрылған. Жергілікті ерікті жастар, мекемелер және кәсіпкерлердің, білім саласы қызметкерлері жолаушыларға тегін ыстық тамақ ұйымдастыруда.

Әйелдер мен балалар аудан орталығындағы индустриалды-техникалық колледж жатақханасына орналастырылды. Медицина қызметкерлері жолаушыларды екі мезгіл аралап денсаулығын тексеруде. Жол бойындағы қызмет көрсету кешендеріндегі азық-түлік пен тамақ бағасы жергілікті әкімдіктің ұдайы бақылауында.

Сонымен қатар 7 ақпаннан бастап, Қазалы ауданының «Ойынды» елді мекені тұсындағы «Мирас» кешеніне 135 жүк көлігі мен 35 жеңіл автокөлік тоқтатылды. Көліктерде 200-ге жуық адам бар. Жол полициясы қызметкерлері жолдың жабық екенін түсіндірді. Наразылық жоқ.

Аудан әкімдігі кешен басшылығымен келіссөз жүргізіп, жолаушыларға тамақ арзан бағамен берілуде. Дәрі-дәрмек, ауызсу тегін үлестірілді. Азық-түлік қоры жеткілікті. Балалы жолаушыларға

кешеннің қонақ үйінен тегін жатын орындар дайындалды, кезекшілік қойылған.

Тек Арал, Қазалы ғана емес, барлық аудандарда жолаушыларға аудан әкімдіктері тарапынан тиісті көмек көрсетіледі. Жағдай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей бақылауында. Боран басылып, жағдай тұрақталған соң автокөліктерге жол полициясы жол бастап, сапарын жалғастырады.

«Қазгидромет» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалы өңірде 10 ақпан күндіз -2-ден -7-ге дейін, түнде -5-тен -10-ға дейін түсетінін, ал Ақтөбе облысында 12-14 ақпанда облыстың басым бөлігінде, 10-11 ақпанда өңірдің оңтүстігінде қар, бұрқасын, көктайпақ күтілетінін хабарлады.

Облыс тұрғындарынан автокөлікпен ұзақ сапарға шықпауын сұраймыз. Елді мекендерден тыс сапарды жоспарлағанда, ауа райы болжамына құлақ асу керек. Құтқару қызметінің SMS-хабарламаларын елеусіз қалдырмаңыздар. Жолдардың жабылуы немесе ашылуы туралы «Datmen» мобильді қосымшасынан немесе Төтенше жағдайлар департаментіндегі 55-10-76 қауырт желі арқылы білуге болады, – дейді облыстық ТЖД бастығының орынбасары Нұрсұлтан Ибрагимов.

«СБ» ақпарат





ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ПӘРМЕНДІ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ ТИІС



Сондай-ақ аймақ басшысы Үкімет пен әкімдерге инвестиция тарту бағытындағы жұмысты жандандыру тапсырылып отырғанын айтты.

– Біз соңғы 2 жыл қатарынан инвестиция индикаторын артығымен орындадық, биыл да алдымызға ауқымды міндет қойдық. Былтыр өңірімізде негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 486,5 млрд теңгені құрап, жоспар 62 млрд теңгеге артық орындалды. Биылға бекітілген индикатор 517,5 млрд теңгені орындауға жұмыс жасауымыз қажет. Президент бюджет қаражатымен шектелмей, инвестиция тартуға қажетті біртұтас экожүйе қалыптастыруды және инвесторларға «бір терезе» қағидатымен жан-жақты қолдау көрсетуді міндеттеді. Облыста отандық және шетелдік инвесторлардың жобаларын сүйемелдеу, туындаған мәселелерін шешу, тартылатын инвестиция көлемін арттыру бағытындағы жұмыстарымын

облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, «Бизнеске арналған Үкімет» мекемесі, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы, «Қызылорда даму орталығы» айналысуда. Осы мекемелерге жетелден, басқа өңірлерден және жергілікті инвесторларды тарту бойынша нәтижелі жұмыс жасауды тапсырамын, – деді Нұрлыбек Машбеқұлы.

Сонымен қатар аймақ басшысы инвесторлармен толыққанды серіктес ретінде жұмыс істеп, олардың проблемалық мәселелерін заң аясында жедел шешу бағытында тиісті шараларды айқындап, нақты іс-қимыл қабылдауды тапсырды. Мемлекет және жеке қаражат есебінен жүзеге асырылуы жоспарланған қалалық және аудандық деңгейдегі барлық саладағы инвестициялық жобалардың проблемалық мәселелері өңірлік үйлестіру кеңесінің аясында шешілуі қажет екенін айтты. Президент тапсырмасына сәйкес жарты жылдың нәтижесі бойынша әрбір әкімнің инвестиция тарту бағытында атқарған жұмысына баға берілмек.

Осыған байланысты алдағы уақытта қала және аудан әкімдерінің, басқарма басшыларының жұмысы инвестиция тарту индикаторының орындалуымен бағаланатыны ескерілді.

Жиында мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау да айтылды. Өңірде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі әлеуметтік салада кеңінен қолданыста. Құны 17,1 млрд теңгені құрайтын 63 жобаның келісім-шартына қол қойылды. Ендігі кезекте, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмін инновациялық, халықтың өмір сүру сапасын жақсартатын және мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған жобаларға пайдаланған жөн.

– Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде елімізді экономикалық-әлеуметтік дамуы үшін маңызды рөл атқаратын құрылыс саласына арнайы тоқталғаны белгілі. Бүгінгі күні Сыр өңірі қарқынды құрылыс алаңына айналғанымен,

жұмыс барысында кейбір заңнама және норматив талаптары құрылысты жоспарлау мен жүргізу процесіне кедергі келтіреді. Бұл өз кезегінде құрылыс уақытының созылуына және сапасының төмендеуіне әкеледі. Осыған байланысты, жауапты сала басшыларына «Қала құрылысы туралы» кодекс жобасын қайта қарап, сапалы ұсыныстар енгізуді тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

Мемлекет басшысы республикада үлескерлік құрылыс пен гимараттардың заңсыз әрі орынсыз салынғанын атады. Аймақта құрылыс саласында үлескерлер қаржысын тарту тәсілімен құрылыс салу жағдайлары тіркелмеген. Алайда аталған мәселе тіркелген жағдайда облыстық бақылау жөніндегі басқарма мен облыстық құрылыс және сәулет, қала құрылысы басқармасы барлық заң талаптарын сақтай отырып, сапалы әрі мерзімінде жүргізілуді қадағалауы тиіс.

Мұнан бөлек, жиында аймақ басшысы өндірістің дамуына тиімді серпін беру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, су үнемдеу технологияларын енгізу, коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жөнінде бірқатар тапсырма берді. Көлік-логистикалық әлеуетті арттыру, экономиканың цифрландыру, медицина инфрақұрылымын дамыту бойынша да алдағы жұмыстың бағыт-бағдары айқындалды.

Мәжіліс соңында облыс әкімі Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды орындауға қатысты жоспарды уақытылы зерделеп, бір аптада нақты ұсыныстар беруді міндеттеді. Ұсыныстарды әзірлеу сатысындағы «2024-2028 жылдарға арналған Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары» жобасына енгізу қажет. Осы орайда облыстық экономика және қаржы басқармасы салалық басқармалармен бірлесіп, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау бойынша өңірлік іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бір апта ішінде бекітуге енгізуі тиіс екенін айтты.

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

СЫР ТОПЫРАҒЫ ТОЗБАСЫН ДЕСЕК...

Сенаттың кезекті пленарлық отырысында Сенат депутаты Руслан Рүстемов Сыр топырағындағы тозу және тұздану процесінің алдын алу мақсатында өңірде арнайы мамандандырылған топырақтану зертханасын ашу қажеттігі жөнінде Премьер-Министр Олжас Абайұлы Бектеновтің атына депутаттық сауал жолдады. Сауалдың толық нұсқасы ұсынылып отыр.

Құрметті Олжас Абайұлы!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында ашылуында сөйлеген сөзінде топырақтың құнарын сақтап, оны жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін, ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану үшін бақылауды күшейтуді, өнім көлемін арттыруды және оны әртарапандыруға басам беруді тапсырғаны белгілі.

Сонғы деректерге сәйкес, Қазақстан бойынша 75%-дан астам жер аумағында топырақтың тозуы байқалады және жағдай күрделене түседі.

Осы ретте экологиялық аймақ санатындағы Қызылорда облысында топырақ құнарын арттыру, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану негізінде өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін ғылыми сүйемелдеу аса өзекті.

Аймақта су тапшылығына байланысты шаруашылықтар негізгі дақыл – күріш егісі көлемін жыл сайын қысқартуға мәжбүр болып, ауыл шаруашылығы өндірісін әртарапандыруға басымдық беруде.

Алайда, бұл шаралар топырақ тозуының алдын алуға қауқарсыз. Елдегі күріш алқаптарының 90 пайызын қамтитын Сыр өңірінде тұзданған жерлер аумағы ұлғайып, топырақтағы зиянды тұздар мөлшерінің өсуі салдарынан егіске қолайсыз жағдай қалыптасуда.

Күріш егу көлемі қысқарған сайын, оның айналысында жұмыс жасап, отбасын асырып жүрген өңірлік-механизаторлардың саны да қысқаруда.

Сыр өңірінің топырақ ерекшелігіне байланысты күріш егілмес топырақтың екінші кайтара тұздану қарқыны күшейіп, баға жетпес суармалы жерлердің айналымнан шығып қалу қаупі де өте жоғары.

Бүгінгі таңда Қызылорда облысында суармалы жерлердің 22,1% күшті және өте күшті тұзданған болса, 33,6% орташа, 44,4% әлсіз тұзданған. Күшті және өте күшті тұзданған суармалы жер көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 16% ұлғайған.

Осыған орай, қысқарған күріш егісі көлемінің орын алмастыру, экономикалық жағынан тиімді әртарапандыру бағытындағы дақылдарды анықтау, өңірдің экологиялық және табиғи ерекшелігі, су тапшылығы жағдайында күріш егісі көлемін қысқартудың топырақ құнарлылығына әсерін зерделеу үшін топырақтың құрамын зерттеу жұмыстарын жүргізу аса өзекті.

Ғалымдардың пікірінше Арал апаты аймағындағы экологияның нашарлауы, топырақ құнарлылығының төмендеуі, т.б. көкейкесті мәселелердің алдын алу үшін жердің қазіргі жағдайын бағалау арқылы топырақ карталарын, балл бонитетін және эрозия карталарын, агроөндірістік топтамасын жасап, оны егістікте дұрыс пайдалану қажеттілігі туындап отыр.

Айта кету қажет, елімізде топырақтың сапалық деңгейін зерделеумен айналысатын Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты ғылымдарының құрамы бірнеше есе қысқарып, әлеуеті төмендеген. Жалпы елімізде топырақты түбегейлі зерттеумен айналысатын мамандар азайып кеткен.

Сондай-ақ еуропалық стандарттарға сәйкес аккредиттелген жалғыз зертхана С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде 2019 жылдан бастап жұмыс жасайды. Дегенмен, бұл зертхана негізінен Қазақстанның солтүстігіндегі топырақ құнарын зерттеумен айналысады.

Сол себепті, Қызылорда облысында арнайы мамандандырылған топырақтану зертханасын ашып, Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен бірлескен жұмыстарды ғылыми жүйелендіру қажет.

Бұл шаралардың негізгі мақсат-міндеті:

1. Агроөнеркәсіп саласында оқу, тәжірибе және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру;
2. Топырақ құнарлылығын сақтау және қалпына келтіру, тұзға төзімді дақылдардың сорттарын шығару;
3. Топырақ зерттеу жұмыстарын жүргізу және астықтың технологиялық және биохимиялық сапасын анықтау;
4. Ауыл шаруашылығы, агрохимия, селекция, ауыл шаруашылығы дақылдарына саласында, оның ішінде облыстың агроөнеркәсіптік кешені мамандарының біліктілігін арттыру шеңберінде кадрларды даярлау және қайта даярлау (агрономдар, селекционер-ғалымдар, астық сапасы мен өңдеу жөніндегі технологиялар және т.б.) болып табылады.

Зертхананың құрылуы өңірде өсімдік шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, облыс тұрғындарының әл-ауқат деңгейін, оның ішінде ауыл шаруашылығы өндірісіндегі жана жұмыс орындарын арттыруға септігін тигізеді.

Нәтижесінде топырақ құнарлылығын арттыру арқылы тыңайтқыштарды онтайлы пайдалану, сортты таңдау, ауыл шаруашылығы дақылдарын сынау және шығару, оларды өсірудің агротехнологиялық стандарттарына сәйкестігін ғылыми қамтамасыз ету мүмкіндігі кеңейеді.

Мемлекет басшысы кеше өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде «Ауыл шаруашылығының дамуын тежеп тұрған кедергілерді біріктіріп білеміз. Басты түйткіл – жылдар бойы қажетті қаржының жеткілікті бөлінбеуі. Инвестицияның тапшылығы техниканың тозуына, егінің бітік және өңбектің өнімді болмауына әкеп соқтырады. Сондықтан ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті, мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет» дегені белгілі.

Осыған орай, құрметті Олжас Абайұлы, Сыр топырағындағы органикалық заттардың он баласына қол жеткізуге, топырақ құнарлылығын молайтуға және күршіткен, онымен байланысты дақылдардан тұрақты жоғары өнім алуға мүмкіндікті кеңейту мақсатында жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыруға қолдау білдіруіңізді сұраймын.

ҚҰРМЕТ

ҚОС МЕРЕЙТОЙ ИЕСІНЕ ҚҰРМЕТ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне белгілі қоғам қайраткері, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Жақай Бодықбаевты 85 жас және қоғам қайраткері, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Әріп Хожбановты 70 жас мерейтойымен құттықтады.

Сb Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»



Салтанатты жиында аймақ басшысы қос ардагердің еңбегін сырбойлықтардың барынша жоғары бағалайтынын атап өтті.

– Сыр өңірі қаймағы бұзылмаған, қазақтың киелі орласы. Берекесі ұйған, бабалар дәстүрі ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, сабақтастығы үйлесімге қасиетті мекен. Алаштың анасы атанған Сыр елі – еңбегімен елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болатын абзал да адал жандарға, еңбек адамдарына кенде емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ел мүддесі бәрінен биік. Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуі тиіс. Еңбек адамдары еліміздің тірегі» деген болатын. Біз сол азаматтарға лайықты құрмет көрсетіп, ғиыратты ғұмырын басқаларға үлгі, жастарға өнеге етуді басты мақсатымызға санап, дәстүрге айналдырып келеміз. Ол біздің басты парызымыз. Халқымызда «адам баласының өмірі – жасаған жасымен емес, еліне сіңірген еңбегімен өлшенеді» деген жақсы тәмсіл бар. Санаулы ғұмырын халық ісіне арнап, ел үшін аянбай еңбек етуді парыз санап, төрден орын алған есімі жақсылар мен жайсаңдардың қатарында аталып, абырой биігінен көрінген ардақты ардагер ағаларымыз қашанда құрметке лайық.

Бүгін біз қос мерейтой иелерінің қуанышына жиналудамыз. Ел ағасы Сырдария және Қармақты ауданының құрметті азаматы, еңбек ардагері Бодықбаев Жақай Серікұлы 85 жасқа тола, қоғам қайраткері, Сырдария ауданының құрметті азаматы, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Хожбанов Әріп Битілеуұлы 70 жасқа толып отыр. Қажырлы еңбектің зейнетін көріп келетін өздеріңізге дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, сарқылмас күш-қайрат, құт-береке тілеймін! Аткарған істеріңіз ұрпақтарыңыз бен ізбасарларыңыздың, барша жерлестеріңіз бен дүйім халқымыздың игілігіне жарасын! Сіздерді ақ пейілді Сыр жұртшылығының атынан мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз, – деді облыс әкімі.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан қос ардагерге Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Мерейтой иелерін еңбек ардагерлері Қорғанбек Қайруллаев, Алмагүл Божанова, Бекмырза Еламанов, Қылышбай Бисенов, Мұрат Бактиярұлы құттықтады.

Өз кезегінде қос ардагер жиналған қауымға риясыз көңілдері үшін алғысын білдірді.

БРИФИНГ

Аймақта былтыр жалпы өлім-жітім көрсеткіші алдыңғы жылмен салыстырғанда бір деңгейде сақталса, ана өлімі 5,7, сәби өлімі көрсеткіші 13,4%-ға төмендеген. Бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымдарына 816476 тұрғын тіркелген. Оның ішінде 82,4%-ы мемлекеттік медициналық ұйымдарға тіркелсе, 17,6%-ы жеке медициналық ұйымдарға қарайды. Тұрғындарға 25 стационарлық, 26 амбулаториялық-емханалық, 100 дәрігерлік амбулатория, 25 фельдшерлік-акушерлік бекет, 97 медициналық бекет қызмет көрсетеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов баяндады.

ДЕНСАУЛЫҚ: БИЫЛҒЫ БЮДЖЕТ 21 ПАЙЫЗ ЖОҒАРЫ

Сонымен қатар басқарма басшысы былтыр салада атқарылған өзге де жұмыстарға тоқталды.

2016 жылдан бастап өңірге аса қажетті медицина мамандықтары бойынша 131 резидентке облыс әкімінің гранты тағайындалып, қазіргі кезде 82 жас түлек емдеу ұйымдарында қызмет атқаруда. Биыл үрдіс жалғасын тауып, өңірімізде тапшылығы бар нефролог, радиолог, ревматолог, т.б. мамандықтарға 24 облыс әкімінің гранты бөлінген.

– Одан бөлек, 2020 жылдан бері жас мамандарды әлеуметтік қолдау мақсатында 20 маманға жергілікті бюджет қаражаты есебінен 500 АЕК көлемінде бірмезеттік қайтарымсыз көтермеақы берілуде. Медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыруға былтыр 88 млн теңге қаражат бөлініп, 575 дәрігер, 738 орта буын қызметкері білімін жетілдірді. Бұл қаражаттың барлығы дерлік ана мен бала денсаулығын сақтау саласындағы мамандардың білімін жетілдіруге жұмсалуда, – деді басқарма басшысы.

Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмасына сәйкес, БМСК ұйымдарында үздік практика орталықтарын құру бойынша инновациялық технологияларды енгізе отырып «Үздік тәжірибелер орталықтарын» құру жөніндегі жол картасы бекітіліп, жол карта аясында Жамбыл облысы және Еңбекші қазақ орталық аудандық ауруханасындағы озық тәжірибені тиімді енгізу үшін оқуға мамандар жолданып, Шилелі көпбейінді орталық аудандық ауруханасы «Үздік практика орталығы» болып бекітілген.

Биыл медицина саласына жергілікті және қор бюджеті мен құрылысты қоса алғанда 138,6 млрд теңге қаржы бөлінген. Бұл өткен жылғы бюджетпен салыстырғанда 21 пайызға көп. Оның ішінде қордың бюджеті 18 пайызға, жергілікті бюджет 49 пайызға артқан.

– Былтыр жалпы құны 47 млрд теңгені құрайтын 21 денсаулық сақтау нысанының құрылысы жүргізілді. Оның ішінде жалпы құны 7,1 млрд теңгеге 17 нысанның құрылысы аяқталды, 2 нысанның құрылысын жалғастыруға 1,2 млрд теңге, 2 нысанды бастауға 1 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде 15 нысан Ұлттық жоба аясында, 2 нысан «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде, 2-і республикалық бюджет есебінен, 2 нысан жергілікті бюджет есебінен жүргізілуде, – деп атап өтті Олжас Ермеқұлы.

Биыл жергілікті бюджет есебінен жалпы құны 922,2 млн теңгені құрайтын Жаңақорған ауданы «Төменарық» ауылында дәрігерлік амбулаториямен қоса 15 төсекке арналған ауылдық аурухана құрылысы жүргізілуде. Шалғай аудандардағы балаларға реабилитациялық емнің қолжетімділігін арттыру үшін Арал ауданында оналту орталығын ашу жоспарлануда.

Былтыр 9 нысанға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Оның ішінде жалпы құны 529,2 млн теңгені 5 нысанға күрделі жөндеу жұмыстары аяқталса, биыл жалпы құны 2,7 млрд теңгеге 4 нысанға жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстары аяқталады.

Өткен жылы денсаулық сақтау нысандарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 5,3 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде республикалық бюджет есебінен 4,4 млрд теңге, жергілікті бюджет есебінен 900 млн теңге. Нәтижесінде медицина ұйымдарының жабдықталу деңгейі 84-тен 86 пайызға дейін көтерілген. Айта кету керек, есепті кезеңде жалпы құны 512,5 млн теңгеге 25 дана санитарлық автокөлік сатып алынған. Ал биылға саланы материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 3,7 млрд теңге қаржы қаралып отыр.





БІЛІМ: ДЕҢГЕЙ МЕН ДІТТЕГЕН МЕЖЕ

Жаһандық үдеріс көптеген салада бәсекелестікті күшейте керектігін көрсетуде. Бәсеке болған жерде жаңашылдық орнайды. Алға жылжу, даму, өркендеу болады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Қазіргі жаһандану заманында бәсекелестік білім саласы үшін өте маңызды. Себебі, бүгінгі байлық пен қол жеткен табысты, жиган білім мен ғылымды ертенгі күнге жеткізетін, әрі қарай дамытатын ол – өскелең ұрпақ. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекетіміз бұл мәселеге ешқашан бейжай қараған емес. Заман талабына сай мамандар дайындап, қазақ білімінің дамуына барынша күш салып келеді. Бұл өз кезегінде мұғалімге артылатын жауапкершіліктің жоғары екенін білдіреді. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды білікті мұғалімдер, жан-жақты кемел ұстаздар ғана тәрбиелеп шыға алады. Сондықтан да білімді педагог кадрларды әзірлеу және қалыптастыру мәселелері, соның ішінде ұстаздар біліктілігін жүйелі арттырып отыру – бүгінгі күннің басты талабы. Десе де, өңірде педагог-шеберлердің деңгейінің төмендігі байқалады. Оны өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов сөз етті.

– Педагог кадрлардың кәсіби деңгейі мен біліктілігі – білім беру сапасы көрсеткішінің негізі. Алдағы уақытта бала тәрбиесімен айналысатын педагогтердің сапалық құрамына ерекше назар аударамыз. Облыс бойынша педагог-шеберлердің үлесі өте төмен. Бұл – өз кезегінде ұстаздарымыздың белгілі бір деңгейге жетіп, соны қанағат тұтып, әрі қарай ізденбей, одан әрі кәсіби дамуды мақсат етіп қоймауының салдары, – деді ол.

Бұдан былай мектептердің статусына қатысты да өзгерістер енетін болады. Лицей, гимназиялардың жұмысына жан-жақты талдау жасалып, нәтижесі төмен мектептер үшін нақты шешімдер қабылданбақ. Жуырда өңірде 50-ден астам мұғалімді конкурсыз қабылдаған 26 мектеп директоры анықталды. Бұл факті бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстарының басталғаны белгілі. Осы оқиғадан кейін мектеп басшыларына да тықыр таянды. Себебі, ендігі жерде олардың тиімділігіне де бағалау жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ педагогтер тарапынан орын алатын келенсіз жағдайлардың алдын алу және болдырмау мақсатында басқарма жанынан облыстық білім беру мекемелеріндегі педагог қызметкерлердің еңбек ету барысында туындаған мәселелерді қарау және оларды жан-жақты қолдау жөніндегі комиссия жұмысын бастады.

– Бізде 58 лицей, гимназия бар. Оларға орта мектепке қарағанда 1500 сағат артық беріледі. Жалақы жағынан да айырмашылық бар. Егер олимпиада, ғылыми жоба, ҰБТ көрсеткіші орта мектептерден төмен болса, ондай мектептерді статусынан айырамыз. Бізге нәтиже керек, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Білім саласында оң өзгерістер де жоқ емес. Былтыр жаңа оқу жылының басында облыс орталығындағы үш ауысымды оқытуға көшуі мүмкін болған 6 мектептің 4-не 1850 орынға арналған жаңа қосымша ғимараттар пайдалануға берілді. Сонымен бірге Шиелі ауданы Байсын ауылында, Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде 250 орындық, Жаңақорған кентінде 300 орындық 2 жаңа мектеп ел игілігіне берілді. Облыс әкімінің қаулысы негізінде «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы» құрылды. Орталық жұмысы балалардың ой-танымын арттыруға, спорттық қабілетін шыңдауға, жасөспірімдер арасындағы түрлі келенсіздіктердің алдын алуға бағытталған.

Биыл 7 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Оған қоса Шығармашылық академиясының құрылысын бастау жоспарлануда. Психологтардың кәсіби біліктілігін арттырып, әдістемелік қолдау бағытында облыстық психологиялық қолдау орталығы да өз жұмысын бастайды.


Облыста 28 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы бар. Онда 20213 студент 94 мамандық, 158 біліктілік бойынша білім алуа. Бұл бағытта да алға жылжу байқалады.

Өткен жылы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес, пилоттық жоба ретінде Қазалы және Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі базаларында жалпы орта мектептердің 10-11 сыныбының 46 оқушысы үшін жұмысшы біліктілігі бойынша эксперименттік білім беру бағдарламасы енгізілді. Нәтижесінде енді мектеп бітіруші аттестатпен бірге диплом алып шығады.

– Бұл жоба біріншіден, білім алушылардың мамандық несі атанып, еңбек нарығына ерте араласуына мүмкіндік берсе, екіншіден, қоғамда жұмысшы құзыреттілігінің беделін көтеріп, жастардың қызығушылығын арттырады, – деді А. Есжанов.

Бүгінде колледждерде кәсіпорындардың сұранысы бойынша мақсатты даярлау енгізілуде. Бұл үшін кәсіпорындар колледжбен шарт жасасады. Сондай-ақ білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысып, студенттерден қорытынды емтихан қабылдау арқылы оны практикадан өткізіп, бітірген соң жұмысқа орналастыруды өз міндетіне алады.

БАҚ өкілдерімен болған жиында басқарма басшысы алдағы уақытта да міндеттерді орындап, жүйеленген жұмыс нәтижесін көрсететіндігін айтты.



Аиық дереккөзден алынған

– Зиянды жұмыстармен айналысатын адамдарға арнаулы әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін қойылатын бірнеше талап бар. Алдымен жұмыскер 55-те және осы жастан асуы тиіс. Сонымен қатар бірінғай жинақтаушы зейнетақы қорында 84 ай және одан көп міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеген, қызметін тоқтатуы немесе зиянды емес басқа жұмысқа орналасуы қажет. 2014 жылдан бері зиянды жұмыс істейтін адамдарға қатысты мемлекет, жұмыс беруші және жұмыскер арасындағы тең жауапкершілік қағидатына негізделген зейнетақымен қамсыздандырудың міндетті кәсіптік схемасы енгізілгені белгілі. Жұмыс беруші өз

мөлшерінде жүзеге асырылады. Сонымен бірге жұмыс берушілердің қаражаты есебінен 1 ең төмен күнкөріс деңгейі (43407 тенге) белгіленген.

Жұмыскерлердің зиянды жұмыстағы еңбек өтілі расталу үшін жұмыс беруші Еңбек шарттарын есіпке алудың бірінғай жүйесіне (hr.enbek.kz сайтына) мәліметтер енгізуге міндетті.

Төлемдерді алуға құқығы бар жұмыскер жұмыс берушіге еңбек шартын бұзуға немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын басқа жұмысқа ауыстыруға нысан бойынша өтініш береді. Әрі қарай жұмыс беруші еңбек шартын бұзу немесе еңбек шартының

мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне өтініш жазып, жеке басты куәландыратын құжат және жеке деректерді жинауға, өңдеуге келісім береді.

Барлық төлемдер Мемлекеттік корпорация ресімдейтін төлем тапсырмасы негізінде бірінғай төлеммен банктегі шотына түседі. Олардың мөлшері жыл сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінің өсуімен индекстелетін болады. Сонымен бірге ол зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін төленеді, жасына байланысты зейнетақы, базалық зейнетақы және жинақтаушы зейнетақы төлемдері тағайындалғаннан кейін тоқтатылады.

Арнаулы әлеуметтік төлемдер – зиянды жұмыстармен айналысатын

Жыл сайын жұмыс кезінде орта есеппен алғанда 50-60 шахтер қаза болады. Мұндай жағдайлар көбіне көмір шығару кезінде жердің опырылуынан және де газ бен метанға уланудың әсерінен болып жатады.

Өрт сөндірушілердің қажырлы дайындықтан өтіп, төтенше жағдайлардың алдын алу жолдарын үйренгеніне қарамастан, түрлі жаракаттар алу мен апатқа ұшырау қаупі өте жоғары.

Көпқабатты ғимараттардың терезелерін жуушы. Бұл – өте қауіпті іс және терезе жуушылар міндетті түрде арнайы дайындықтан өтуі қажет.

Биікте жұмыс істейтін электр-

ЗИЯНДЫ ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕР ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДІ ҚАЛАЙ АЛАДЫ?



Аиық дереккөзден алынған

қаражаты есебінен БЖЗҚ-ға зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлерге 5% міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуда. Сондай-ақ «Қызметкерді еңбек қызметін атқару кезіндегі жазатайым оқиғалардан міндетті сактандыру туралы» заңының 23-1-бабына сәйкес қызметкер үшін өмірді сактандыру компаниялары мен зейнеткерлік аннуитеттік сактандыру шартын жасасуға міндетті. Ал кейбір мекемелер мұны жасамай отырғаны белгілі болды, – дейді департамент басшысы.

ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНА ДЕЙІН

Арнаулы әлеуметтік төлемдерді қаржыландыруды ресімдеу төрт не екі қаржыландыру көзінен жүзеге асырылады. Оның біріншісі республикалық бюджеттен ең төмен күнкөріс деңгейінің екі еселенген мөлшерінде төленеді. Айталық, биылдан бастап ЕТҚД 43407 тенгені құрап отыр. Осының 2 еселенген мөлшері беріледі. Одан кейін БЖЗҚ-дан Үкіметтің қаулысымен бекітілген тәртіппен, қолда бар зейнетақы жинақтарын ескере отырып, өмірді сактандыру компанияларынан 1 ең төмен күнкөріс деңгейі (43407 тенге)

1-бет

талаптарын өзгерту туралы мәліметтерді еңбек шарттарын есіпке алудың бірінғай жүйесіне енгізеді. Арнаулы әлеуметтік төлем проактивті түрде, яғни жұмыскерлердің өтінішінсіз тағайындалады және проактивті қызмет арқылы кәсіби төлемді жүзеге асыру күні жұмыскердің қажетті дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім берген күні болып саналады.

Кодекстің 195-1-бабының 2-тармағына сәйкес, зиянды жұмыс істеген Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың 55 жастан бастап зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін және олар үшін жиынтығында кемінде сексен төрт ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген кезде – Республикалық бюджеттен ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінде (2024 жылы ЕТҚД-43407 тенге *2=86814 тенге) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы, бірінғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемінен тұратын арнаулы әлеуметтік төлем алуға құқылы. Аталған екі төлемді алуға құқы бар адамдар тұрғылықты жеріндегі «Азаматтарға арналған Үкімет»

жұмыскерлерді қорғау құралдарының бірі. Сондықтан төлем алушы зиянды жұмыспен айналыса алмайды. Егер қайта орналасса, онда барлығы автоматты түрде тоқтатылады.

ӘЛЕМДЕГІ ҚАУІПТІ МАМАНДЫҚТАР

Иә, «мамандықтың бәрі жақсы, қажеттісін таңдай біл» деген емес пе? Алайда кейбір мамандықтың табысынан гөрі қауіп басым екенін біле тұра, сол жолды таңдайғындар жетерлік. Мәселен, күні кеше әлеуметтік желідегі жедел жәрдем қызметкерлерінің ауа райының қолайсыздығына қарамай, науқасқа алғашқы көмек көрсетуге бара жатқаны көпшілікті сүйсінтті. Бұл мамандығына деген адалдықты, сонымен қатар өз өмірінен өзгенің артық қойған дәрігерлер еңбегінің де қатерге толы екенін көрсетеді. Жалпы әлем бойынша қандай мамандықтар қауіпті саналады екен? Ғаламтор беттерін ақтарып көрген едік.

Ағаш кесуші. Бұл жұмыс биіктікпен байланысты болғандықтан, оған қоса электр ара және ағаш дайындайтын техникалармен жұмыс істеуге тура келеді. Статистикаға көз жүгіртер болсақ, осы салада жұмыс істейтін 116 адам қаза тапқан.

«МАНСАП» ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРАДЫ

Облыста «Еңбек мобильділігі» орталығының филиалдары «Мансап орталығы» атауымен өз жұмысын бастағанына көп уақыт болған жоқ. Аталған орталық облыс тұрғындарына атаулы әлеуметтік көмек бағытында қызмет көрсетіп, жұмыспен қамтуға жәрдемдеседі. Бұдан бөлек, нақты кезеңде «Мансап орталығының» 6 бөлімі халыққа үздіксіз қызмет етуде. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен көшпелі брифингте ақпарат құралдары өкілдері осы орталықтың жұмысымен танысты.

– Өткен 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап ҚР Әлеуметтік кодексі күшіне енді. Кодекс негізінде аймақ басшысының қаулысымен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі» орталығы құрылғаны баршаңызға мәлім. Оның филиалдары «Мансап орталығы» деген атаумен былтырғы шілде айында жұмысын бастады. Бүгінде «Еңбек мобильділігі» орталығында 28 адам, ал, «Мансап орталығы» филиалдарында 187 адам қызмет атқарады. «Еңбек мобильділігі орталығы» мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа



орналастыру бағытында жұмыс берушілермен байланыс жасайды. Сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесіп, белсенді шараларын жүзеге асырады. Былтыр орталық арқылы 16 мыңнан астам адам субсидияланатын жұмыс орындарына орналасса, әлеуметтік осал топтағы 1 529 адамға қайтарым-

сыз мемлекеттік грант берілді. Осының нәтижесінде олар кәсібін ашты. Ал осы жылы 14 765 азамат бос жұмыс орындарына, 13 383 адам субсидияланатын жұмыс орындарына орналасады деп күтілуде. Сонымен қатар, 1 556 адамға қайтарымсыз мемлекеттік грант беру жоспарда бар, – деді Қызылорда облысы бойынша «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ директоры Шаризат Алмашева.

– Орталық айына бір мәрте «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесін ұйымдастырады. Өткен жылы 5 478 қызылордалық біздің орталық арқылы тұрақты жұмысқа орналасты. Ал ұлттық жоба шеңберінде 93 жоба бойынша 1 620 адам екі қолға бір күрек тауып, жұмыспен қамтылды. Әлеуметтік осал топтарға жататын 500-ге жуық адамға мемлекеттік грант берілді. Ал осы жылы 97 жобаны жүзеге асырып, 1255 адам жұмысқа орналасады деп күтілуде, – дейді Қызылорда қаласы «Мансап орталығы» филиалының директоры Жаксылық Төлегенов.

«СБ» ақпарат



БІР СУРЕТТИҢ СЫРЫ

Төрт бәйтерек



Өлі есімде бұл суретті белгілі фототілші Болат Омарәлиев сонау бір жылдары Баспасөз күніне орай түсірген болатын. Төрт аға, төрт бәйтерек – Сүлеймен Сейітов, Зейнолла Жарқынбаев, журналист-сатирик, «Ара» журналының редакторы Сақтапберген Әлжіков, ұзақ жыл бұрынғы «Ленин жолында» редактор болған Қалқабай Әбенев редакциядағы кездесу кешінде өткен күндерден естелік айтып, бәрімізді тамсандырғаны бар. Кездесу қызықты өтіп еді-ау!

Майдангер журналист, полк комиссары, полковник Сүлеймен Сейітов өткен күндерді еске алып, тебірене әңгіме қозғағаны бар.

– Мен, – деді Сүлеймен аға, – 1942 жылы майданға аттандым. Ол кезде обкомда нұсқаушы болатынмын. Сұрапыл соғысты бастан өткіздім, ауыр жараландым. Біздер алғашында Ақтөбеде алты айдай жаттығуда болдық. Сонда қаладағы ағарту училищесінде оқитын қыздар келіп, концерт қоятын. Біз қыздармен бірге би билейміз,

қосыла ән шырқаймыз. Сол кездесуде мен Ақтөбенің қызы Еленамен таныстым. Әйткенмен, бір түнде біздің полктің жауынгерлерін соғысқа аттандырып жіберді. Еленамен қоштаса алмай қалдым. Қыз үдеге берік екен, мені соғыстан оралғанша күтті, туған жерім Қазалыға келіп қызмет істеді. Бес жылдай мені күтті. 1947 жылы әскерден оралған бойда Елена Қабықызына үйленді. Обкомда бірер ай қызмет істеген соң 1949 жылы «Ленин жолына» редактор

болдым. Бұл қызметті 1951 жылға дейін атқарып, кейін тың өлкесіндегі «Есіл правдасында» редактор болдым. Қызмет бабымен Қызылордаға келіп, көп жыл облыстық баспасөз басқармасында еңбек етіп, зейнетке шықтым.

Кездесу кешінде Зейнолла Жарқынбаев өзінің еңбек жолы әскери газетте басталғанын, содан 1955-1962 жылдары жеті жылдай «Ленин жолында» редактор болғанын, талай бастамаларға, газет-

те «Бетін қысық болса, айнаға өкпелеме» атты эзіл-оспақ бұрышын ашуға ұйтық болғанын айтып, біраз әңгіменің тізгінін ағытты. Ал сатирик жазушы Сақтапберген Әлжіков өзінің эзіл-оспаққа толы дүниелерінен үзінді әңгіме қозғап, бәрімізді бір сілкілдіріп тастады.

Сөз кезегі Қалқабай Әбенев ағаға келді. Баспасөз қайраткері 1968-1985 жылдар аралығында «Ленин жолында» редактор, жас журналистерге камкоршы болғанын

сөз қозғады. Өзінің сонау 1930 жылдары өзбек жерінде білім алып, Ташкенттегі педучилищені бітіргенін, туысқан халықтың тілін бір кісідей білетінін айтып, қызықты естеліктер өрбіткенді.

Төрт бірдей алып ағалардың бұл суреті күні кешегідей көзге оттай басылады. Суреттер сыр шертеді деген рас.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі



«Қыр баласы қол созады аспанға»

гіс бұйырып жатқан жоқ. Сол себепті лайық деп танылып, марапатталған сәтте қуанышка кенелдім. Шығармашылық саласындағылар көңіл-күй мен сезімнің адамы болғандықтан жылы сөз бен алғыс естігенде бір жасайтынымыз рас.

– Туған жерге оралу ойда жоқ па?

– Иә, менің туған топырағым – Арал ауданына қарасты «Жаңақұрылыс» елді мекені. Осы топырақтың құдіретімен бойымызға өнер дарып, бала арманның жетегімен кәсіби өнер иесі атандым. Арман қуып арнайы орта білімді Ақтөбе қаласынан, жоғары білімді Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық өнер университетінен алдым. Ақтөбе қаласына шақыртумен келіп қызмет етіп жүргенім 7 жылға жуықтаған екен. Ұстазым, ақылшым – Қызылорданың тумасы, қазір әлем таныған Димаш бауырымыздың ұстазы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Марат Әйтімов. Ақтөбеге келіп облыс мәдениетіне, біліміне үлес қосуыма бірден-бір себепкер болған осы адам.

Туған жерге деген құрметім ерекше. Бозбала күнімізде кеткен соң байланысымыз аздау. Жыр туған Сыр елі өнерлі перзенттерге өте бай. Қызылордадан арнайы білім алып, сол жерде қызмет жасап жүргендер бар. Әрине, маман тапшы болып, туған жерден шақырту келіп жатса, қызмет жасауға дайынбыз. «Қыр баласы қол созады аспанға» демекші халықтың ыстық ықыласына ие болып, әлде де болса өнеріммен танылсам, дамыта түссем деймін.

– Әншілік – саф өнер. Дегенмен кейінгі кезде кімнің ақшасы бар, клип түсіріп, кімнің аудиториясы бар, ән жазып кетті. Шын өнерді бағамдап, таразыға салатындар қатары аз. Бұл жолды таңдауыңызға не түрткі болды?

– Өнер жолын таңдау – бала күнгі арманым. Өнер жолына келуіме ата-анам, бауырларым қолдау білдірмесе, қарсы болмады.

Ән – көңіл-күйден, сезімнен туындайтын шығарма. Ал әнді орындау барысында соның басты кейіпкері бола білуің, автордың сезімін сезінуің керек. 2007-2009 жылдары мектеп жасында ақын, сазгер қазір дүниеден озған Дархан Оразымбетов деген ағама шәкірт әрі іні болып ізінен ердім. Бүгінде

халықтың сүйікті әндеріне айналған Төреғали Төреәлінің орындауындағы «Ағам», Нұрболат Абдуллиннің орындауындағы «Анама» әндері дүниеге келгенде қасында болдым. Сол әндерді орында деп ұсынғанда әннің мәтіні менің ішкі күйіме, сезіміме сәйкес келмейді деп айтпай қойдым. Мүмкін, балалық шығар. Әннің құрылымынан бөлек мәтінінің мазмұндылығы мен сәйкестігіне мән беремін.

– Жақында әншілердің әні тойханада қосылса да гонорар төленуі тиіс деген тақырыпты көшілік біраз талқыға салды. Гонорар мәселесіне қалай қарайсыз?

– Бұл – үлкен мәселе. Себебі тойда қосылған әр әнге гонорар төленуі керек болса, онда тойда өнер көрсетіп, гонорар алып отырған әншілер де салық төлеу керек болады. Ол жағы заңдастырылмағандан кейін тойда қосылған әнге гонорар сұрау артықтау секілді.

Әншілердің гонорары танымалдығынан бұрын әннің хит болуына байланысты болып тұр. Себебі ертеректе танымал болып, қазір хит шығара алмай жүрген әншілердің гонорары кеше ғана бір әнмен танымалдыққа ие болып, хит болып тұрған әншінікінен төмендеуі, яғни тойдағы әншілердің гонорар мәселесі құбылмалы.

Өз басым бұған өң көзбен қараймын. Әр нәрсенің рақметі, қошеметі болу керек. Әр әнші танымалдыққа, хит әнге жеткенше қажырлы еңбегі мен ұйқысыз түндерін, қыруар қаржысын жұмсайды. Соның қайтарымы деп білемін.

– Алдағы жоспарларыңызды бөліссеңіз...

– Жоспарым көп. Бастысы – өзіндік қолтаңбасы бар өнер иесі атану. Халық ықыласпен қарсы алып, зор қошеметіне бөлесе, жоспарымның жартысы орындалғаны. Қазіргі талғамды ескере отырып құлдырауға ұшырамай сапалы дүниелерді де халық назарына ұсынып отыру – мақсат. Ел мәдениетінің өркендеуіне, ұлттық ән-жырмыздың қайта жаңғыруына жұмыстану да – жеке шығармашылығымның бір бөлігі.

– Өңімізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Дина БОКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

Бір ауыз сөздің жан тетігін табатыны рас. Музыканың құдіреті де одан көм емес. Ал ән мен сөздің үйлесімінен жүректерді қозғай алатын жанды дүние туындайды. «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін, айналасы төп-тегіс, жұмыр келген» туындылар қазір аз. Кейде әдемі әуен жүректің қылын шерте алмай жатады. Осындайда ұлы Абайдың өнге қатысты сөзін «әншінің де естісі бар, есері бар» деп өзгертсек жарасатындай. Сырбойлық Нұртас Омаров – өнердің өз баласы. Эстрада номинациясы бойынша «Дарын» сыйлығының иегері, қазақ вокал өнерінің дамуына қосқан үлесі үшін Күләш Байсейітова атындағы төсбелгімен марапатталған өншімен әңгімелесудің сәті түскен еді.

– Осыдан екі жыл бұрын «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері атандыңыз. «Дарын» өміріңізге, өнеріңізге әсер етті ме?

– Иә, 2022 жылы сол кездегі Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі шешімімен ҚР Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атандым. Қазір 35 жасқа дейін деп ұзартылған сыйлық ол кезде 29 жасқа дейінгі әр саланың үздіктеріне берілетін. Үш жыл қатарынан конкурсқа қатысып, бақ сынадым. Соңғысында бұйырды.

Аталған сыйлық – еліміздегі саф өнердің саңлақтары аркалап жүрген атак. Өнерге әркімнің таласы болғанымен, бұл марапат бәріне те-

Ауыл балалары аймақта топ жарды

Облыстық тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы футболдан 9-11 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мектеп лигасының» облыстық кезеңін ұйымдастырды. Тартысты өткен ала доп додасында Арал ауданына қарасты «Сексеуіл» кентінің №177 орта мектебі командасы I орынға лайық деп танылды. Жеті аудан және Қызылорда қаласының командалары қатысқан облыстық кезеңде аудан намысын қорғаған

өрендер енді республикада өнер көрсетеді деп күтілуде.

Айта кетейік, осыған дейін №177 орта мектептің жас футболшылары 2 жыл қатарынан финалға шығып, ақтық ойында есе жібергенмен 2-орын иеленіп оралған еді. Быыл үшінші жыл қатарынан тағы да финалда өнер көрсетіп, ешбір қарсыласына есе жібермеді.

Облыстан олжалы оралған оқушыларды мектеп ұжымы қуанышпен қарсы алып,

құттықтады. Жас аяқдошыларды жарыс жолына дайындаған жетекшілері – Ержан Есжанов, Қанат Баешов, Дидар Асарбеков сынды дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің мерейі үстем. Өйткені еткен еңбек еш кетпеді. Алдағы республикалық кезеңде де жеңісмен құттықтаймыз деген сенімдеміз.

А.БИСЕНОВ



Үздік дәрігер Динара

Былтыр жыл аяғында Денсаулық сақтау министрлігі сала қызметкерлеріне арнап жақсы бір шара өткізді. «Altyn shipager» Ұлттық медициналық сыйлығын тапсыру салтанатында біздің аймағымыздан да бірнеше ақ халатты қатысып, марапат төрінен көрінді. Олардың ішінде Қармақшы аудандық ауруханасының жалпы тәжірибе дәрігерлері бөлімшесінің меңгерушісі Динара Жүсіпова да бар. Ол «Медициналық-санитариялық алғашқы көмектің үздік дәрігері» номинациясы бойынша «Altyn shipager» жүлдесінің жеңімпазы атанды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Динара Мырзабекқызы С.Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университетін аяқтаған соң, туған жері Қармақшыға келіп, аудандық ауруханада аймақтық дәрігер болып еңбек жолын бастады. Төрт жыл ішінде Динара өзін ұйымдастырушылық, іскерлік қырынан көрсете білді. Біліктілігінің, жан-жақтылығының арқасында ұжымда құрметке бөленді. 2016 жылы жалпы тәжірибе дәрігерлері бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Осы жауапты қызметін күні бүгінге дейін абыроймен атқарып келеді.

Қай саланың болмасын өзіне тән қиындығы мен жауапкершілігі жүгі тіпті ауыр екені айтпаса да белгілі. Адам жанының арасына аталатын ақ халатты абзал жандардың еңбегі қандай құрметке де лайықты. Динараның да қызмет барысында еңбегі бағаланып жүр. Ол бірнеше рет аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі марапаттарға ие болған. Соның ішінде былтыр жыл аяғында Астана төрінде өткен медицина мамандарына арналған ауқымды шарада марапат төрінен көрініп, «Медицина үздігі-2023» сайысында «Үздік медициналық-санитариялық алғашқы көмектің үздік дәрігері» номинациясы бойынша «Altyn shipager» сыйлығына ие

болуы Динараны ерекше бақытқа бөледі. Еңбектің еленгені, лайықты бағаланғаны кімді болсын қуантатыны сөзсіз.

– Марапат мен үшін сенім мен жауапкершілік салмағын еселей түсті дер едім. Бұл тек менің жеңісім емес, тұтас ұжымның еселі еңбегінің жемісі, ортақ марапат деп білемін. Әсіресе ауыл медицинасына берілген сенім мен құрмет деп ойлаймын. Жыл өткен сайын қоғамның барлық саласы уақыт ағымына сай дамып келеді. Біздің медицина саласы тіпті жаңарып, дамып жатыр десем қателеспеймін. Озық технологиялардың көптеп енуі, емдеу әдіс-тәсілдерінің өзгеруі дәрігерлерден жан-жақты ізденісті, теорет. білімді талап етеді. Осы орайда ауыл медицинасы заман үдерісінен қалып қоймауы керек. Сондықтан біз секілді жастар ерінбей, талмай білімімізді жетілдіріп, біліктілігімізді арттырып отыруымыз шарт. Кәсіби біліктілігімізді шыңдауда осындай сайыстардың, түрлі білім жарыстарының көп болғаны дұрыс, – дейді Динара.

Динара жолдасы Нұрлыбек екеуі 3 қыз 1 ұл тәрбиелеп, өсіріп отыр.

Кәсібіне адал, мамандығының майталманы Динараға біз де әрдайым абырой биігінде болуды тіледік. «Еңбек түбі – береке» деген осы болса керек.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.